

ӘОЖ 341.4 (47+57)

М.М. Байжанов*, О.К. Джолдасбаев

Халықаралық қатынастар факультеті,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
*E-mail: marlan1_kz@mail.ru

Біртұтас экономикалық кеңістікте қылмыспен күресудің өзекті мәселелері

Қылмыспен күрес саласында халықаралық ынтымақтастықты жетілдіру қазіргі таңда мемлекеттердің құқық қорғау органдарының өзекті мәселесіне айналып отыр. Қазіргі таңда қылмыс жаңа нысандарға ие болды, халықаралық байланысы бар қылмыстар саны артты, Қазақстан Республикасының азаматтары қатысушысы болып табылатын халықаралық қылмыстық топтар артуда. Мақалада халықаралық қылмыспен күресудегі мемлекеттер ынтымақтастығының әртүрлі деңгейдегі халықаралық-құқықтық негіздерінің мазмұны мен ерекшеліктері туралы ашылып айтылады. Авторлар ТМД шеңберінде қылмыспен күрес бойынша халықаралық ұйымның құрылуы және бұл ұйымға Қазақстан Республикасының қатысуы туралы баяндайды.

Түйін сөздер: халықаралық қылмыс, мемлекеттер ынтымақтастығы, Еуразпол, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы.

М.М. Bayzhanov, O.K. Joldasbayev

Actual Problems of struggle against Criminality in the Common Economic Space

The challenge of improving international cooperation in the fight against crime is currently one of the most actual law enforcement activities of the developed world. Modern crime acquired a qualitatively new forms intensified its selfish orientation, significantly increased the number of crimes of international relations, found a growing number of international criminal gangs whose members are citizens of the Republic of Kazakhstan. In article reveal the contents and features of international legal bases of various levels of cooperation of the states in fight against the international crime. The authors considers creation questions within the CIS the international organization on fight with crime and participations of the Republic of Kazakhstan in this organization.

Key words: international criminality, cooperation of the states, Evrazpol, Commonwealth of Independent States.

М.М. Байжанов, О.К. Джолдасбаев

Актуальные проблемы борьбы с преступностью в Едином экономическом пространстве

Проблема совершенствования международного сотрудничества в области борьбы с преступностью в настоящее время является одной из наиболее актуальных в деятельности правоохранительных органов развитых стран мира. Современная преступность приобрела качественно новые формы, усилилась ее корыстная направленность, значительно возросло количество преступлений, имеющих международные связи, обнаруживается все большее количество международных преступных группировок, членами которых являются граждане Республики Казахстан. В статье раскрываются содержание и особенности международно-правовых основ различных уровней сотрудничества государств в борьбе с международной преступностью. Авторы рассматривают вопросы создания в рамках СНГ международной организации по борьбе с преступностью и участия Республики Казахстан в этой организации.

Ключевые слова: международная преступность, сотрудничество государств, Евразпол, Содружество Независимых Государств.

Қылмыспен күресу аясында халықаралық ынтымақтастықты жетілдіру мемлекеттердің құқық қорғау органдары қызметінің өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр. Қазіргі

уақытта халықаралық сипаттағы қылмыстар мен Қазақстан азаматтары мүшесі болып табылатын халықаралық қылмыстық топтардың саны артауда. Соңғы жылдары халықаралық қауымдастық

үшін ұйымдасқан қылмыс пен терроризмнің тығыз байланысуы үлкен қауіп тудыруда. Халықаралық қылмыстық синдикаттардың зор пайда табу мақсатында билік құрылымдары мен құқық қорғау органдарындағы халықаралық қылмыстық топтардың мүшелерін пайдалану нақты бір мемлекеттің ғана емес, әлемдегі өркениетті мемлекеттердің де ұлттық қауіпсіздік мәселесіне айналып отыр. Мемлекеттер халықаралық қылмыспен күресудің тиімді жүйесін құру мақсатында ынтымақтастықтың жаңа нысандары мен әдістерін құрастыруда, бірігіп әрекет етудің құқықтық базасын жетілдіруде.

Қазақстан Республикасы халықаралық қауымдастықтың мүшесі ретінде халықаралық қылмыспен күресті әлемдік үдерістен оқшау жүргізе алмайды, себебі қалыптасқан қылмыстық жағдай құқық қорғау органдарынан азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауды өзге де мемлекеттермен бірлесіп стратегия мен тактиканы тұрақты жетілдіріп отыруын талап етеді.

Қазіргі уақытта қылмыстың әртүрлі нысандары мемлекеттердің дамуына кері әсер ететін теріс құбылыс болып отырғандығы баршаға аян. Осындай жағдайда жан-жақты ойластырылған кешенді (қаржылық-материалдық, ғылыми, кадрлық, идеологиялық, нормативтік-құқықтық және т.б. қамтамасыз етілген) бағдарламаның қажеттігі айдан анық. Бір сөзбен айтқанда, қазіргі қылмыс тарихи мол және халықаралық бай тәжірибені ескерген біртұтас, саликалы қылмыстық саясатты ұйымдастырудың жаңа жолдарын зерттеуді талап етеді [1, 75 б.].

Қылмыспен күресу саласында халықаралық ынтымақтастық халықаралық және ішкі мемлекеттік құқық нормаларына негізделген, халықаралық қылмыстарға, халықаралық сипаттағы қылмыстарға, трансұлттық қылмыстарға қарсы тұруға (алдын алуға, ашуға, кінәлі тұлғаларды қылмыстық қудалауға) бағытталған арнайы субъектілердің (Біріккен Ұлттар Ұйымы, оның органдары мен мамандандырылған мекемелері; үкіметтік емес халықаралық ұйымдар; егеменді мемлекеттер полиция қызметі басшыларының халықаралық бірлестігі; мемлекеттік саяси бірлестіктер ынтымақтастығының салалық органдары) қызметі [2, с. 35].

В.Ф. Цепелевтің пікірінше, «мемлекеттер ынтымақтастығы» ұғымын екі мағынада түсінуге

болады: халықаралық қатынастардың қағидасы және қылмыспен күресудегі халықаралық ынтымақтастықтың жаһандық, аймақтық, ұлттық деңгейде құрылатын және жүзеге асатын қылмыстық саясаттың маңызды бағыты болып табылатын белгілі қызмет түрі ретінде [3, с. 11].

Қылмыстардың мемлекет аумағынан тыс шығуы жағдайында, сондай-ақ халықаралық сипаттағы қылмыстар санының артуына байланысты оларға қарсы тұру күннен-күнге қиындауда, ал тиімді күресу үшін көптеген мемлекеттер келісімді әрекет жасап, ішкі мемлекеттік және халықаралық, соның ішінде халықаралық келісімдер негізінде күш-жігерді үйлестіре білу керек [4, с. 96].

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы реттеу объектісі тікелей не жанама түрде халықаралық қылмыстармен, халықаралық сипаттағы қылмыстармен күресуге бағытталған 200-ден астам көп жақты және екі жақты халықаралық шарттардың қатысушысы болып табылады. Құқықтық көмек көрсету мәселелері көптеген екі жақты шарттармен қатар (Қазақстан Республикасы Моңғолиямен 1993 жылы 22 қазанда, Литва Республикасымен 1994 жылы 9 тамызда және бұл шартқа жасалған қосымша 1997 жыл 7 ақпан, Түрік Республикасымен 1997 жылы 27 ақпанда Пәкістан Ислам Республикасымен 1995 жылы 23 тамызда, Қырғыз Республикасымен 1996 жылы 26 тамызда, Түрікменстанмен 1997 жылы 27 ақпанда, Корей Ұлттық-Демократиялық Республикасымен 1997 жылы 7 сәуірде, Өзбекстан Республикасымен 1997 жылы 2 маусымда, Әзірбайжан Республикасымен 1997 жылы 10 маусымда, Иран Ислам Республикасымен 1999 жылы 6 қазанда қылмыстық, азаматтық, кейбір шарттарда отбасы мәселелеріне қатысты құқықтық көмек көрсету туралы шарттар жасаған), кейбір көпжақты халықаралық конвенциялармен реттеледі. Бұлай реттеудің артықшылығы анық: тапсырмаларды орындау бұл халықаралық міндет, заң мекемелерінің ынтымақтастығы ұлғайып келеді, белгілі жеңілдіктер белгіленеді. Құқықтық көмек көрсету мәселелері азаматтық, отбасы және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шарттарда тереңірек қарастырылады. Қазақстан Республикасы бұл салада көптеген мемлекеттермен, атап айтсақ, Қытай, Түрікменстан, Монғолия мемлекеттерімен жасалған екі жақты шарттарда, 2002 жылы 7 қарашада ТМД мемлекеттері

арасында жасалған [5], 2004 жылы 10 наурызда Қазақстан Республикасының Парламентімен ратификацияланған «азаматтық, отбасы, қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету және құқықтық қатынастар туралы» Кишинев конвенциясының қатысушысы болып табылады.

Қазіргі таңда «қауымдастық құқығы» құрылып, әрекет ететін субаймақтық бірлестіктердің рөлі өсуде. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында: «Біртұтас экономикалық кеңістікте трансұлттық ұйымдасқан қылмыспен күресті күшейту үшін Интерпол үлгісімен Еуразпол – Еуразия полициясын құру жөніндегі мәселе пісіп-жетілді деп санаймын. Үкіметке тиісті ұсыныстарды әзірлеп, БЭК бойынша біздің әріптестерімізге жіберуді тапсырамын», – деп нақты айтылған сөзі бар [6].

Демек, қазақстандық Үкімет кедендік одаққа мүше мемлекеттердің арасындағы ортақ мекеме болатын жаңа бір құрылымды жасақтауға ұсыныс тастап, осыған байланысты сәйкесінше жұмыстар атқаруда.

Қазақстан Республикасының басшысы посткеңестік кеңістікте көптеген халықаралық интеграциялық бастамалардың жақтасы. Дегенмен бұл бастамалардың көбісі экономикалық жобаларға қатысты болатын. Ал бұл жолғы бастама Қазақстан, Ресей және Белорусия құрған интеграциялық бірлестіктің қауіпсіздік жүйесі туралы болып отыр.

Кеден одағына қатысушы мемлекеттерінің саммиттерінде интеграция тек еркін экономикалық аймақтармен және ортақ кедендік тарифтермен шектеліп қалмайтындығы туралы айтылған. Бұған дейін ортақ валюта енгізу және одақ шеңберінде халықаралық сотты құрастыру ұсынылған болатын. Дегенмен ортақ полиция туралы ұсыныс бірінші рет беріліп отыр [7].

Бұл бастаманың негізгі мақсаты трансұлттық қылмысқа қарсы тұру болғандықтан полицияның трансұлттық құрылымының пайда болуы орынды және Интерпол қылмысқа қарсы тұру саласында 190 мемлекетті біріктіретін құрылым ретінде ұтымды мысал болып табылады [8]. Елбасы ұсынысы Кедендік одақ деңгейінде қабылданып, жүзеге асып жатқан болса, оның құзыреті қандай болмақ деген сұрақ туындайды. 1990 жылы қыркүйекте КСРО Халықаралық қылмыстық полиция ұйымына енді. Қазір

Тәуелсіз Қазақстан да, Ресей де, Беларусь те – осы ұйымның мүшелігінде. Үлгі ретінде алып қарай-тын халықаралық мекеме бар. Алайда бұл ұйымға мүше елдердің кәсіби әріптестігі Интерполға қарағанда тығыз болуы керектігі сөзсіз. Себебі Халықаралық қылмыстық полиция ұйымы әлемдік деңгейде жұмыс істейді. Сәйкесінше, ол барлығына ортақ болатындай жеңілдетілген ұстанымдар қарастырады, яғни Халықаралық қылмыстық полиция ұйымының жарғысында «аталған ұйым саяси, әскери, діни және нәсілге қатысты істерге араласпайды» делінген.

ТМД-ға қатысты айтатын болсақ оның көптеген қатысушы мемлекеттерінің құқық қорғау органдары деңгейінде тығыз ынтымақтастық орнаған. ТМД қатысты қаншама сын айтылса да, дегенмен дәл осы мемлекетаралық құрылым шеңберінде Еуразпол құрудың шыннайы базасы қалыптасқан.

1993 жылы ТМД Үкімет басшыларының кеңесі Достастық мемлекеттері аумағында ұйымдасқан қылмыспен қылмыстың өзге де қауіпті түрлеріне қарсы тұру бойынша бірлескен шаралардың арнайы бағдарламасын бекітті. Ал 1997 жылы қауіпсіздік және арнайы қызмет органдары қызметін үйлестіру мақсатында ТМД мемлекеттері Қауіпсіздік органдары басшыларының кеңесі құрылған болатын [9]. Осыған байланысты барлығын жаңадан бастаудың қажеті жоқ, тек тәуелсіз мемлекеттердің құқық қорғау органдары халықаралық ұйымдасқан қылмысқа қарсы тұру үшін жасаған бастамаларын жалғастыруы керек.

Халықаралық есірткі саудасы Орталық Азия мемлекеттеріне айтарлықтай қауіп тудыруда. Әлемдік деңгейдегі негізгі есірткі тасымалының негізгі транзиттік жолына Қазақстан да, Ресей де енеді. Ауғанстан аумағынан бастау алатын есірткі тасымалы Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғызстан, Қазақстан, Ресей елдері арқылы Еуропаға өтеді. Жеке-жеке қарастырғанда Ресей де, Қазақстан да есірткі бизнесімен күресуге ерекше күш жұмсайды. Алайда бірлесіп күресудің жөні бөлек. Мәселен, өткен жылдың күзінде Қазақстан, Ресей, Латвия, Канада, Германия, Англия, Франция және АҚШ мемлекеттері бірлескен операция барысында 5,7 тонна есірткі тәркіленген болатын [10]. Бұрынсоңды болмаған мұндай ауқымды операцияны тек еларалық кәсіби әріптестік арқылы ғана жүзеге асыру мүмкін нәрсе. Ендеше Қазақстан,

Ресей және Белоруссия мемлекеттерінің бұл саладағы әріптестігіне қажеттілік жоқ емес.

2014 жылы Ауғанстаннан НАТО-ның әскері шығарылады. Ауғанстан елінің есірткісі Қазақстанға үлкен қатер төндіруі мүмкін. Шекарасы елімізбен іргелес жатпағанымен, қауіп одан сейілмейді. НАТО әскерлері кеткен кезде Ауған есірткісі мен террористік ағымдар көрші аймақтарға лап қояды деген болжаулар қазіргі кезде көп айтылуда. Сондықтан қауіптің алдын алу мақсатында ортақ қадамдар бастау қажет. Ол – Ауғанстан үкіметіне жан-жақты көмек көрсету. Себебі Ауған мәселесін әскери жолмен шешу мүмкін еместігін тарих та көрсетіп отыр.

Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымы (ҰҚШҰ) НАТО-ның коалициялық күштері Ауғанстаннан шығарылғаннан кейінгі қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша алдын алу шараларының жоспарын әзірлеуде.

Қомақты қаржы аударуды, есірткі тасымалын былай қойғанда, қарапайым қылмыстық істерде де кәсіби ақпарат алмасулар көп мәселені шешеді. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай ұйымдасқан қылмыс жаңа талаптарға лезде бейімделу үшін жоғары икемділікке ие. Біртұтас экономикалық кеңістікке қатысушы мемлекеттерде мемлекеттік билік құрылымының барлық деңгейлеріндегі жемқорлықтың жоғарылығы криминал өмірін жеңілдетеді. Жағдайды одан әрі ушықтыратын мәселе жақын болашақта «кедендік үштікке» Қырғызстан мен Тәжікстанның қосылуы болып тұр.

Қылмыспен күресуде халықаралық ынтымақтастықты жетілдіру үшін келесі мәселелерге назар аударған жөн:

- қылмыспен күрес саласындағы негізгі ха-

лықаралық шарттарға (конвенцияларға) қосылу;

- қолданыстағы ұлттық заңнамаға халықаралық шарттардың негізгі ережелерін енгізу;

- қылмыспен күрес саласында БҰҰ сәйкесінше құрылымдарымен тығыз ынтымақтастықты жүзеге асыру (ЭКОӘК, БҰҰ даму бағдарламасы, қылмыстың алдын алу мен қылмыстық әділсот бойынша БҰҰ бағдарламасы, есірткі заттарын бақылау бойынша БҰҰ халықаралық бағдарламасы, қылмыстың алдын алу бойынша БҰҰ ғылыми-зерттеу институттары және т.б.);

- ведомствоаралық деңгейде қылмыспен күрес тәжірибесін жетілдіру;

- қылмыспен күресуде қолданылатын ақпараттық салада және ақпараттық технологиялар саласында техникалық ынтымақтастық мәселелерінің шешілуін қамтамасыз ету;

- қылмыспен және оның жекелеген түрлерімен күресу бағдарламаларын әзірлеу үшін БҰҰ сарапшыларын жұмысқа тарту;

- ұйымдасқан қылмыспен және қылмыстың өзге де қауіпті түрлерімен күресудің бірлескен шараларын жүзеге асырудың халықаралық бағдарламасын ұйымдастыру және қаржылық жағынан қамтамасыз ету.

Жалпы жоғарыда айтылғандарға қорытынды жасайтын болсақ, халықаралық қылмыспен күресуде, мемлекеттер ынтымақтастығы: қылмыспен күресу бойынша қызметті үйлестіру, халықаралық қылмыстар мен халықаралық сипаттағы қылмыстармен күрес бойынша шарттар жасау, қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету, қылмыстық әрекеттердің алдын алу және қылмыспен күресу бойынша халықаралық ұйымдар құру арқылы жүзеге асады.

Әдебиеттер

- 1 Төлеген М.Ә. Қылмыстылықтың алдын алуға бұқаралық ақпараттар құралдарының рөлі // ҚазҰУ Хабаршысы: халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы. – Алматы. – № 3 (41) 2009. – 75-78 бб.
- 2 Кубов Р.Х. Актуальные проблемы международного сотрудничества по противодействию организованной преступности // Российский следователь. – М.: Юрист, 2007. – № 19. – С. 35-38.
- 3 Цепелев В.Ф. Уголовно-правовые, криминологические и организационные аспекты международного сотрудничества в борьбе с преступностью: Дис. докт. юрид. наук: 12.00.08. – М., 2001. – 418 с.
- 4 Сунцов А.Е., Трунцевский Ю.В. Теоретические проблемы имплементации норм международного уголовного права в России // Московский журнал международного уголовного права. – 1997. – № 2. – С. 92-99.
- 5 Қазақстан Республикасының екіжақты халықаралық шарттары http://www.mfa.gov.kz/#!/kazakstannyin_syirtkyi_sayasaty/sharttyik-kykyikyik_bazasyi/kazakstan_respublikasyinyin_ekijaktyik_halykaralyik_sharttaryi (03.02.2014 ж.)
- 6 ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы/<http://www.akorda.kz> (03.02.2014 ж.)
- 7 Правоохранительная интеграция// <http://risk.kz/12408> (03.02.2014 ж.)

-
- 8 Халықаралық қылмыстық полиция ұйымының ресми сайты // <http://www.interpol.int/Member-countries/World> (03.02.2014 ж.).
 - 9 ТМД орындау комитетінің ресми сайты // <http://www.cis.minsk.by/> (03.02.2014).
 - 10 ҚР ІІМ ресми сайты // <http://www.mvd.gov.kz> (03.02.2014).